

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ АБАЯ  
ИНСТИТУТ ФИЛОЛОГИИ И ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY  
THE INSTITUTE OF PHILOLOGY AND MULTILINGUAL EDUCATION

«КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ - ӘЛЕМДІК БІЛІМ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНА ЕНУДІҢ НЕГІЗГІ ЖОЛЫ:  
ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

11 сәуір 2014 жыл

**МАТЕРИАЛЫ**  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОСНОВНОЕ УСЛОВИЕ ИНТЕГРИРОВАНИЯ В  
МИРОВОЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ СООБЩЕСТВО:  
ОПЫТ И ВНЕДРЕНИЯ»

11 апреля 2014 год

INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL  
**CONFERENCE MATERIALS**  
«MULTILINGUAL EDUCATION AS THE GATE OF INTEGRATION  
INTO THE EDUCATION WORLD COMMUNITY:  
ITS EXPERIENCE AND IMPLEMENTATION»

April 11, 2014



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ  
ИНСТИТУТ ФИЛОЛОГИИ И ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY  
THE INSTITUTE OF PHILOLOGY AND MULTILINGUAL EDUCATION

«КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ - ӘЛЕМДІК БІЛІМ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНА ЕНУДІҢ НЕГІЗГІ ЖОЛЫ:  
ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

11 сәуір 2014 жыл

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОСНОВНОЕ УСЛОВИЕ ИНТЕГРИРОВАНИЯ В МИРОВОЕ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ СООБЩЕСТВО: ОПЫТ И ВНЕДРЕНИЯ»

11 апреля 2014 год

INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL  
CONFERENCE MATERIALS

«MULTILINGUAL EDUCATION AS THE GATE OF INTEGRATION  
INTO THE EDUCATION WORLD COMMUNITY:  
ITS EXPERIENCE AND IMPLEMENTATION»

April 11, 2014

Алматы, 2014

Kassymbekova A.T. Байжигит Б. С.	The role of epithets in the English and Kazakh languages Абсурд в речевой организации романа Е.Клюева «Между двух стульев»	198 200
Тлеугабылова З.А., Бекалаева А.О., Неманлова Г.А., Султанкудова Ш.У., Мысекеева А.Б. Суттибаев Н.А., Бекмашева Б.Н., Туллубаева Б.Б., Оразова Р.К.	Қашықтықтан білім беру қазіргі заманғы оқыту технологиясы ретінде Инновациялық технологияларды оқу үрдісіне енгізудің тиімділігі	202 205
Абылкасова А.Б., Мадиева З.К., Карабаева Б.Н., Мухатова М.С., Төлеева Қ., Сундетбаева Г. К.	Кәсіби-шеттілдік даярлауда шетел тілі мұғалімінің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігін дамыту Аудармадағы лексундар Ағылшын мақал-мәтелдерінде хайуанаттардың сипаттамасы және олардың қазақ тіліндегі баламасы	208 211 213
Мусадана	К проблеме определения понятия языкового сознания Парсы және қазақ әдеби байланыстарының жетістіктері Тұлғаралық конфликтердің өзара әрекеттеріндегі түрлі сфералар және позитивтік қызметтер Языковые средства создание комического эффекта в художественном произведении	216 220 222 225

– Паросёнок – задумчиво повторил Петропавел и признался: – Никогда не слышал о таком транспорте.

– Не думай, что ты слышал обо всем, что происходит в мире, – посоветовали из тьмы. – Это самое банальное заблуждение» [5, 20].

В абсурдном мире Эхо обладает собственным голосом, умением создавать собственные смысловые контексты. Не случайно в сюжете романа сам герой начинает повторять за Эхом слова:

«Эхо засопело, – видимо, Сима все-таки была дорога ему как тема – и закапризничало:

– Нет, С Симой так было!

– Бред. Сивой Кобыль! – неожиданно для себя отыгрался Петропавел и удивился: это его собственное маленькое ассоциативное поле откликнулось в нем» [5, 21].

Таким образом, субъект речи и отголосок поменялись позициями.

Выполненный анализ позволяет сделать вывод о свободной языковой игре автора в романе, в результате чего создается абсурдный мир.

В заключении анализа, можно сказать, что абсурд в романе проявляется не только на речевом уровне, но и в системе романских образов и в сюжетной организации романа. Автор сталкивает здравый смысл и абсурдный смысл, создавая конфликтное развитие идеи необходимости отказаться от здравого смысла ради фантазии.

Евгений Клюев по профессии лингвист. Знание техники художественного письма не помешало автору сохранить искренний интерес к тому, что он пишет. Авторвовсю наслаждается сюжетом, каждым его поворотом, каждым выражением, он позволяет героям самовольничать и диктовать себе условия, потому что они, герои эти, совсем живые, настоящие, такие настоящие, что автор и сам, залюбовавшись ими, то и дело появляется на страницах своих книг, чтобы принять участие в игре. Он морочит порой голову не столько читателю, сколько самому себе, писатель живёт в своих книгах.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Черноричкая О. Л. Поэтика абсурда в аспекте литературно-художественной методологии. URL: <http://zhurnal.lib.ru>
2. Философская энциклопедия. – М., 2000
3. Буренина О. Д. Что такое абсурд, или По следам Мартина Эсслина // Абсурд и вокруг: сб. ст. – М., 2004.
4. Буренина О. Д. Символистский абсурд и его традиции в русской литературе и культуре первой половины XX века. – СПб., 2005.
5. Клюев Е. Между двух стульев. – М., 2009.

#### Түйін

Бұл мақаланың нысаны қазіргі ресейлік жазушы Е.Клюевтың «Между двух стульев» атты романы болып табылады. Мақалада әдеби абсурдтық талдау романның сөздік ұйымында беріледі, және де сөз тіркестері, сөздің морфемдік құрылымы романда өзгеріске ұшырайды.

#### Resume

The object of this article is a novel of contemporary Russian writer E.Klyuev «Междудвухстульев». The article presents a literary analysis of the absurd in the voice of the novel organization, in which transformed stable combinations of words, morphemic structure of words.

З.А. Тлеутабылова., А.О., Бекалаева., Г.А. Исмаилова  
ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Алматы, Қазақстан

#### ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ

Бұл мақалада қазіргі уақытта кең қолданыс таба бастаған қашықтықтан оқыту технологиясының тиімділігі мен артықшылықтарын талдайды.

*Тірек сөздер:* қашықтықтан оқыту, ашық қашықтықтан білім беру, жаңа оқыту технологиясы, кешенді білім әдістемелері, студенттерге маркетингтік тұрғыда қызмет ету.

Сонғы кездері адамдардың неғұрлым көп бөлігі жоғары білім алуға тырысады. Бірақ өмірдің қарқындылығы жылдан жылға арта түсуде, сол себепті жоғары оқу орнында тікелей дәрістер мен семинарларға қатысуға, оқу зертханалары мен кітапханаларда ұзақ уақыт өткізуге әркімнің мүмкіндігі бола бермейді. Оның үстіне күндізгі бөлімде оқу едәуір көп уақыт пен күш жұмсауды талап етеді және жоғары оқу орындарындағы оқу ақысы да жоғары. Алайда бұл білім алудан, кәсіби біліктілігіңді көтеру мен өзіңді дамытудан бас тарту дегенді білдірмейді.

Оқуға ұмтылатын, бірақ әлдеқандай бір себептерге байланысты бұған мүмкіндіктері болмайтын (уақыттың жоқтығы, жоғары оқу орнының аумақтық тұрғыда алыс орналасуы және т.б.) адамдар тобы қажеттіліктерін қанағаттандыратын жолдың бірі - қашықтықтан білім беру (дистанциялық оқыту). Оқытудың осы формасы уақыт, сабақ кестесі және оқу ақысының жеткіліксіздігінен құтқарады. Интернетке компьютер арқылы қолжетімділіктің болуы мекенжай мен жұмыс-бастылық деңгейінен тәуелсіз түрде әркім лайықты білімді алуға мүмкіндік береді. Оқытудың интернет желісін қолдану дәрежесіне қарай үш тобын бөліп көрсетуге болады: бірінші топ - жұмысы толықтай Интернеттен деген тәуелді болатын мекемелер, ұйымдар. Екінші топ (неғұрлым саны мол) - оқытудың дәстүрлі әрі қашықтықтан оқыту формасын қатар қолданатын жоғары оқу орындары. Және соңғы үшінші топ - Интернет ішкі қарым-қатынасқа қажет оқу мекемелері.

Қашықтықтан оқыту технологиясын тұңғыш рет американдықтар қолдана бастады. XX ғ. 60-ж. ортасында олар жергілікті телеарналарда кейбір корпорация қызметкерлеріне арналған оқу курстарын трансляциялауды жолға қойды. Бұл жобаның табысты болғаны соншалық, оқу бағдарламалары тез арада жасанды серік (спутник) байланысы арқылы АҚШ-қа ғана емес, бірқатар Еуропа елдері, Қытай, Австралия мемлекеттеріне тарай бастады. Содан бері бірталай уақыт өтсе де, қашықтықтан білім беру өзінің көпшілікке мәлімділігін, тартымдылығын жоғалтқан емес. Соңғы жылдары көптеген елдің үкіметтері қашықтықтан оқытуды дамытуды басым бағыт ретінде жариялады және оның дамуына бюджеттің едәуір бөлігін ұдайы түрде жұмсайды. Бүгінгі таңда АҚШ-та үш жүзден астам университеттер қашықтықтан оқыту түрін ұсынады. АҚШ-та жүйелі түрде жүргізілетін сауалнамалар деректері бойынша, американдық оқытушылардың 57% қашықтықтан оқыту нәтижесі дәстүрлі сабақтар нәтижелерінен еш кем емес, тіпті кейде артық түсіп жатады деп есептейді. Ал сұралғандардың 33,3% таяу уақыттарда қашықтықтан оқыту нәтижесі классикалық оқыту нәтижелерінен асып түседі деп санайды. Зерттеушілердің мәліметтері бойынша, Қытайда жыл сайын 6 миллион адам қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы білім алады. Ұлыбританияда қашықтықтан оқыту орталықтары елдің күллі университеттері негізінде жұмыс істейді. Британдықтардың пікірінше, қашықтықтан оқыту өте ыңғайлы: қолайлы кестеге сай, негізгі жұмыстан қол үзбей, тіпті сүйікті диваныңнан ұзамай-ақ қалаған дүниенді оқып-үйренуге, әрі көп емес қаржыға нағыз университет дипломын алып шығуға болады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстанда алғашқылардың бірі болып өз оқу орны базасында интернет-портал ашты және тек өз студенттеріне ғана емес, сол аймақтағы барлық тілек білдірген жандарға қашықтықтан оқытудың негізін салып берді. Бүгінгі күні университеттің қашықтықтан оқытуға арналған мықты технологиялық негізі бар. Ариаулы әзірленген сервер арқылы кез келген оқу курстары мен дәрістерді жүргізуге болады және коммуникацияның барлық түрлерін - электрондық поштадан бастап форумдар мен бейнеконференцияларды жүзеге асыруға мүмкіндігі бар.

Қашықтықтан білім беру дегеніміз не? Адамдардың көбісі қашықтықтан білім беруді классикалық сырттай оқудың жаңартылған формасы деп есептейді. Бұл түбірінен қате пікір, жанақ түсінік. Барлық студенттер бір бағдарлама бойынша оқитын тұтас түйдекті сырттай оқуға қарағанда қашықтықтан білім берудің өзгешелігі ол жеке дара түрде болады. Қашықтықтан оқытудың басты идеясы - білім беруді қолжетімді жасау (қашықтықтан оқытудың арқасында астаналық білімді шалғай аймақтың тұрғындары, әскерилер, денсаулығы нашар немесе мүгедек жандар ала алады).

Қашықтықтан білім беру жеке оқу жоспары мен студентке кеңес беретін, бақылау жұмыстарын тексеретін, емтиханға даярленуге көмектесетін оқытушымен үздіксіз байланыс, қарым-қатынас болуын талап етеді. Үйреншікті күндізгі және сырттай оқу түрінен қашықтықтан оқытудың маңызды бір ерекшелігі жұмыс қарқыны мен пәндерді оқып-үйрену ретін, тізбегін дербес таңдауға мүмкіндік береді. Америка Құрама Штаттарында жүргізілген сауалнама көрсеткендей, халықтың 60% астамы қашықтықтан білім алғанды қалайды екен. Ал көрші Ресейде мамандардың бағалаулары бойынша, қашықтықтан оқытуға бүгінгі өзінде 1,5 млн. астам ресейліктер даяр көрінеді, бұл көрсеткіш барған сайын ұлған түспек. Әдетте, қашықтықтан білім беруді жоғары білім алуға қаржылық не өзге де себептерге байланысты астанаға келе алмайтын адамдарға бағытталған, негізінен аймақтар үшін арналған білім беру деп саналатын. Бұл жанақ пайымдау. Соңғы уақыттары қашықтықтан білім алуға мегаполис тұрғындары тарапынан жиі сұраныс түсетін болды. Үлкен қалалардың өмір салтының қарқындылығы, хала халқының жұмысбастылық пен сңбекпен қамтылу деңгейлері жоғары болуы олардың өз уақыттарын кітапханада өткізуге, бірнеше сағаттық дәрістерге жұмсауға мүмкіндіктері бола бермейді. Уақытқа қатысты кедергілерді осы қашықтықтан білім беру түрі оңтайлы шеше алады.

Ашық қашықтықтан білім беру (АҚБ) - ақпараттық революция нәтижесі мен жаңа технологиялық мүмкіндіктердің арқасында, ашық білім идеясы негізінде XX ғасырдың соңғы ширегінде пайда болған жаңа сапалы, озық оқыту түрі. Бұл оқыту түрінің негізінде студенттің арнайы әзірленген оқу материалдарымен өз бетімен дербес интерактивті жұмыс жасауы жатыр. Сондай-ақ, мұнда үлкен рөлді студенттер тобына бекітілген тьютер (консультант-оқытушы) алады. Өзге әдістемелік амал-тәсілдер мен

құрамдас бөліктер оқытуды мейілінше ыңғайлы және тиімді етуге бағытталған. Аталмыш технология оның негізде жатқан оқытудың сапа стандарттары жүйесінен ажырағысыз байланыста болады.

Ашық қашықтықтан білім беру түрінің қалыптасуына неғұрлым үлкен ықпал еткен мына салалардағы іргелі жетістіктер болды: ақпараттық технологиялар, тұтынушыларға маркетингтік қызмет ету әдістері мен білім әдістемелерінің дамуы. Сондай-ақ, өте маңызды рөлді жеке әдістемелерді қолданудан кешенді оқу технологияларына көшу, еңбек бөлінісінің кең қолданысы, бұқаралық қызмет етудегі биік сапаны қамтамасыз ететін жүйелі және желілік тұрғылардың қажеттілігін саналы ұғыну алып отыр.

Қашықтықтан білім беруде кешенді білім әдістемелерінің маңызын түсінген мамандар қашықтықтан оқытудың негізгі құрамдас бөліктерін арнайы зерттеуді қолға алып отыр. Қашықтықтан оқыту технологиясының тиімділігін арттыру үшін білім беруде кешенді әдістемелер мен тұрғы-бағыттар қолданылады. Олардың негізгі элементтері ретінде мыналарды бөліп қарастырамыз:

- оқытуды студенттің практикалық қызметімен жақындату - жұмыс жағдайы тұрғысында оқыту, студенттің практикалық тәжірибесін оқу үдерісіне қосу және т.б.
- оқытудың неғұрлым белсенді әдістерін қолдану: топтық пікірталас, іскерлік ойындары, тренингтер, "ми шабуылы", интерактивті оқу материалдармен жұмыс жасау және т.б.
- білім беру тұрғылары - студенттің бірегей қабілеттілігін ашуға көмек көрсету, кең аумақта қолданылатын өзіндік тұтас көзқарастарды қалыптастыру.
- студенттің шығармашылық қабілетін дамыту, оқытудың проблемалық әдістерін қолдана отыра (case study және жұмыс жағдайлары) бұрын болмаған бірегей жағдайларда шешім қабылдау дағдысын меңгерту.
- дамытушы тұрғыдан келу – тек білімдерді біліп қою ғана емес, оны қолдану, дербес ойлана білу, өз интеллектуалдық деңгейін үнемі жоғарылатып отыру.
- курстар мазмұндарының әмбебаптығы және оны нақты жағдайларға бейімдеу әдістерін қолдана алу.

Студенттерге маркетингтік тұрғыда қызмет ету үшін төмендегідей қажетті шарттарды бөліп көрсетеміз:

- студенттер үшін оқытудың қолжетімділігі мен мейілінше ыңғайлы болуын қамтамасыз ету.
- студентті оқытуға барлық қажет жайттармен қамтамасыз ету үшін жүйелі тұрғыдан келу.
- оқытудың тиімділігіне кіретін студенттің қаржы және уақыт шығынын оңтайландыру.
- оқыту технологиясын стандартизациялау.
- сапа деңгейін сүйемелдеу жүйесі.
- оқыту бағдарламасын модульдік құру. Студенттің қажеттілігіне сай оқыту қарқыны мен курсты таңдау мүмкіндігінің болуы.
- оқытудың даралығын қызмет етудің желілік әдістерін қолдана отыра үнемдеумен үйлестіру.
- студент үшін тек білімдер мен дағдылар ғана емес, басшылық пен жетекшілік қызметтері табыстылығына қажетті нәрселерді меңгертуге көмектесу.

Қашықтықтан оқыту барысында сырттай және күндізгі оқу түрлерін пайдалану орын алады. Мәселен, сырттай оқуда оқу материалдарымен дербес жұмыс жасау мен жазба жұмыстары, жұмыс жағдайларымен байланысты жайттарды оқыту мазмұнына белсенді қосу және ағымды бақылау мен оқытуды түзету шарттары қолданылады. Ал күндізгі оқуда қолданылатын әдістерге келсек, оларды былайша жіктеуге болады:

- Тьюторналдар (семинарлар) - белсенді топтық оқыту; кері байланыс алу, студенттердің оқытуын) және олардың мотивацияларын түзету (коррекциялау), тәжірибе алмасу және іскерлік байланыстарды орнату.

- Өзара көмек топтары - студенттің өзара оқытуы, тәжірибемен алмасу және іскерлік байланыстар орнату.

- Жазба емтиханы.

Оқыту әдістеріне енгізілетін негізгі өзгерістерді қарастыратын болсақ, олар мыналар:

- оқытудың қарқынды әдістерін қолдану.
- оқытудың түрлі әдістерін үйлесімді араластыра отыра қолдану.
- арнайы әзірленген оқу материалдары.
- студенттің жұмыс жағдайы тұрғысынан оқыту.
- өзара оқыту.
- ақпараттық технологиялардың көмегімен оқыту элементтерінің болуы.
- консалтинг элементтерін қолдану.
- оқытудың желілік жүйесі.

Сонымен, қашықтықтан оқыту түрінің студентке бере пайдасы орасан зор. Оларды жеке атап өтетін болсақ:

- негізгі жұмыстан қол үзбей тиімді оқыту.
- оқытудың бірегей тиімділігі, қолайлығы.

- студенттің қаржы және уақыт қорының шамамен екі еседей үнемдеуі.  
- оқыту сапасының жоғары, стандартты деңгейі.  
- қосымша қызмет түрлерін (іскерлік байланыстар, консультациялар және т.б.) алу.  
Осы талдау көрсеткендей, қашықтықтан білім беру бүгінгі заман талабына сай оқыту түрі болып отыр. Қазақстан өзге озық елдер тәрізді бұл үрдістен тыс қалмайды деп ойлаймыз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Н.Романов, В.С.Торопов, Д.Б.Григорович «Технология дистанционного обучения». Издательство: Юнити-Дана, 2000г.
2. И.М.Ибрагимов «Информационные технологии и средства дистанционного обучения». Издательство: Академия, 2007г.

#### Резюме

Авторы данной статьи рассматривают положительные стороны дистанционного обучения, историю его развития, методы преподавания и маркетинговые требования современной жизни.

#### Resume

The authors of this article examine the positive aspects of distance learning, the history of its development, teaching methods and marketing demands of modern life.

Ш.У. Султанкулова, А.Б. Мысекеева Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНЕ ЕНГІЗУДІҢ ТИМДІЛІГІ

*Бұл мақалада жаңа технология, оны қолдану арқылы білім беруді студенттердің жеке қабілеттілігін дамытуға, оқудағы пән аралық байланысты күшейтуге, оқу процессін ұйымдастыруды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі студентке өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуге шексіз мүмкіндік туғызады.*

*Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуіне жол ашады.*

*Тірек сөздер: шығармашылық ептілік, кәсіби бейімделу, инновациялық педагогикалық технологиялар, инновациялық басқару, ақпараттық технология.*

Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарына қосылуы мақсатында білім беру жүйесінің алға қойып отырған айқын талаптардың бірі - бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Осы мақсатта елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуі адамның қабілетін, ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, талантын дамыту басты міндет болып отыр. Осы тұрғыда оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық озық технологияларды меңгеру, оны іс жүзінде қолдана білу бүгінгі білім беру саласында ауадай қажет.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап ететін бетбұрыс болып отыр, яғни келер ұрпақ қоғам талабына сай тәрбие мен білім алуына, оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруіді талап етеді. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы маңыздылыққа ие болып отыр және онда нақты міндеттер жазылған: «Жоғары білім сапасы халықаралық стандарттардың ең жоғарғысына жауап беретіндей болуы керек. Еліміздегі жоғары оқу орындары әлемдегі жетекші университеттердің рейтингісіне енуге тырысуы қажет». Осы тұрғыда бүгінгі күні жаңа технологияны қолдану арқылы білім беруді жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, тәрбие беру ұстаздардың басты міндеті болып отыр. [1, 02]. Білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар.

Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде жүзеге асырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8 - бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың